

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының  
«Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-н  
Талдамалық анықтама**

Мырзакент кенті «05» шілде 2024 жыл

**Төрағасы: Нурашев Нуржан Темирханович** – аурухана басшысы  
м.у.а.

**Хатшы:** Сембі Жангелді Әзіретұлы – заңгер, комплаенс офицері.

**Күн тәртібінде:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау.

**Қатысқандар:** «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ң бөлім меңгерушілері, ауруханаға қарасты емдеу мекемелерінің аға дәрігерлері, қызметкерлері.

**Талдаудың міндеті:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың алдын алу, жою болып табылады.

**Жиналыста келесі мәселелер айтылды:**

Осыған дейін, «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасында 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша іс – шара жоспары бектілген болатын.

Бектілген іс-шара жоспары 2024 жылдың 17 мамыры мен 28 маусым аралығын қамтиды және ол жайында «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының әлеуметтік желілерінде жария етілген болатын.

**Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.**

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

1. «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;
2. Персоналды басқару соның ішінде кадрлардың ауысуы:  
ТО ДСБ «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК МКК 794,00 штаттық бірлік болып бекітілген. Қазіргі таңда 807 қызметші қызмет атқарады. Нақты айтқанда 92 дәрігер, 485-орта буын, 111 -кіші буын, 119 басқада жұмыс жасайды.

### **Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:**

#### **Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:**

- 1) Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесінде көзделмеген құжаттардың талаптарында көрінетін бұзушылықтар;
- 2) Мамандар сертификатының болмауы немесе қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) Мамандардың біліктілігін арттырудан өту мерзімдерінің аяқталуы.

#### **«Мүдделер**

#### **қақтығысы»**

#### **бойынша:**

Мүдделер қақтығысы түріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын фактілер анықталған жоқ. Осы тәуекелді талдау туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы адамдардан басшының атына хабарлама жоқ екенін көрсетеді. Сондай-ақ, мүдделер қақтығысының пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болуы мүмкін, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Талдау көрсеткендей, кәсіпорында басшының жақын туыс қызметкерлері жоқ.

### **Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:**

Басқармада шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы»

2018

жылғы

31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

### **Қорытынды:**

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының ««Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК

1. Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптары сақталмаған.
2. Мекеме бұйрықтарында негіздемелер дұрыс көрсетілмеген.
3. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.

**Төраға**



**Н.Нурашев**

*Хатшы*



*Ж.Сембі*